

Түсіндірме іс шарасының хаттамасы

Атырау қаласы

08.04.2026 жыл

Өткен орны: ШЖҚ КМК «№7 Атырау қалалық емханасы» акт залы

Қатысқандар: Атырау қаласы Полиция басқармасының аға тергеушісі Утаргалиева Райхан Бекәліқызы, емхана басшылығы мен қызметкерлері (43 адам).

Күн тәртібі: Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 380-3-бабын түсіндіру.

Сөйлегендер:


1) Емхана директорының міндетін атқарушы Н.Умбеткалиева жиынға қатысып отырған маман Утаргалиева Райхан Бекәліқызымен таныстырып, жалпы медицина қызметкерлері міндетін атқаруда кездесетін жағдайлар бойынша тоқталып, Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының хатын таныстырып өтті.

2) Атырау қаласы Полиция басқармасының аға тергеушісі Утаргалиева Райхан Бекәліқызы, өз кезегінде «Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 03 қаңтардағы №252-VIII ҚРЗ “ҚР ҚК-іне және ҚР ҚПК-іне толықтырулар енгізу туралы» Заңының нормаларын түсіндіріп, жиналған емхана қызметкерлеріне ҚР ҚК-нің 380-3 бабы бойынша толықтай таныстырды және сондай жағдайда қалай әрекет ету қажеттігін атап өтті. Медицина қызметкерлері немқұрайлылық танытпай осы норманың жұмыс жасауына ықпал етіп, міндетті түрде өз құқықтарын қорғауға шақырды.

Емхана заңгері А.Т.Кумаргалиева осы бағытта өз пікірін білдіріп, пациенттермен жұмыста кездесетін жағдайларды саралауда өзіндік баға бере білуде заң нормаларын қатаң ұстану қажеттілігін хабарлады.

Сөз соңында шараға қатысушы емхана қызметкерлерінің барлық сұрақтарына жауап берді.

Директор міндетін атқарушы:  Н.А.Умбеткалиева

Хатшы:  А.Т.Кумаргалиева